

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 1-сі


  
**«БЕКТЕМІН»**  
 Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.  
**Д. Шалабаева**  
 « 30 » 10 2025 ж.

2025-2026 оқу жылына «БВ11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» білім беру бағдарламасының

**ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

(Туризм негіздері, Туризм менеджменті, Экскурсиятану)  
2023 жылғы қабылдау үшін


Түркістан, 2025

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.


Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 2-сі

Кешенді емтихан бағдарламасы (Туризм негіздері, Туризм менеджменті, Экскурсиятану) «6В11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» білім беру бағдарламасының негізінде құрастырылған.

Кешенді емтихан бағдарламасы «Туризм» мектебінің мәжілісінде қаралған.  
«23» 10 \_\_\_\_\_ 20 25 ж., № 3 хаттама

Мектеп директоры \_\_\_\_\_  С.Нахипбекова

Кешенді емтихан бағдарламасы Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде қаралған.  
«24» 10 \_\_\_\_\_ 20 25 ж., № 3 хаттама

Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы \_\_\_\_\_  Л.Шалабаева



Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 3-сі

### МАЗМҰНЫ

1. Кешенді емтиханның мақсаты	4
2. Кешенді емтиханды өткізу тәртібі	4
3. Білім алушының білімін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері	5
4. Кешенді емтиханға ұсынылған пәндер тізімі	6
5. Кешенді емтихан өткізілетін пәндердің мазмұны	7
5.1 Туризм негіздері	7
5.2 Туризм менеджменті	11
5.3 Экскурсиятану	14
6. Кешенді емтихан сұрақтары	16
7. Ұсынылатын әдебиеттер	21

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 4-сі

### 1. КЕШЕНДІ ЕМТИХАННЫҢ МАҚСАТЫ

«6В11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтиханның мақсаты түлектердің дайындық деңгейінің жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау болып табылады. Сонымен бірге түлектің теориялық білімі мен практикалық дағдылары білім беру бағдарламасына сәйкес тексеріледі.

Кешенді емтихан бітірушілердің қорытынды аттестаттауы болып табылады.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін бағалау.

### 2. КЕШЕНДІ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Кешенді (пәнаралық) қорытынды аттестаттау емтиханы академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Толық оқу курсы аяқтаған (кем дегенде 240 кредит игерілген) және оқу жоспарында қарастырылған барлық сертификаттау сынақтарынан сәтті өткен білім алушылар емтиханға жіберіледі.

Білім беру бағдарламасына арналған кешенді емтиханды аттестаттау комиссиясы (АК) басқарады. АК төрағасы мен комиссия құрамын Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

Білім беру бағдарламасындағы кешенді (пәнаралық) емтихан бағдарламасы білім алушыларға емтиханның өткізілетін күніне дейін бір айдан кешіктірілмей беріледі.

Білім алушының АК-ға берген жауаптарын талқылау және қорытынды бағалау жабық мәжілісте, қорытынды баға - баллдық-рейтингтік мәнде анықталады (кесте). Білім беру бағдарламасындағы кешенді (пәнаралық) емтиханның нәтижелері білім алушыларға АК-ның жабық мәжілісінен кейін дереу жеткізіледі.

Қорытынды аттестацияда «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы оқудан шығарылады. Қорытынды аттестациядан келесі оқу жылы қайтадан өтуге рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 5-сі

### 3. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Әріптік жүйедегі бағалау	Сандық эквивалент бойынша	% -дық мазмұны	Дәстүрлі жүйедегі бағалау	Бағалау критерийлерінің көрсеткіштері
1	2	3	4	5	6
1	A	4,0	95-100	өте жақсы	1. Қазіргі теорияны ескере отырып, материалды толық әрі дұрыс баяндайды; 2. Теориялық білімді практикамен байланыстырады; 3. Терминологияны еркін меңгерген; 4. Себеп-салдарлық байланыс орнатады; 5. Болжам жасай алады; 6. Қосымша сұрақтарға сенімді жауап береді.
2	A-	3,67	90-94		1. Қазіргі теорияны ескере отырып, материалды дұрыс баяндайды; 2. Жауаптарын толық айтады, өз бетінше қорытынды жасап, жалпылай алады; 3. Терминологияны жақсы меңгерген; 4. Себеп-салдарлық байланыс орнатады; 5. Қосымша сұрақтарға толық жауап береді.
3	B+	3,33	85-89	жақсы	1. Материалды жақсы жеткізеді; 2. Жауаптарды толық айтады, өз бетінше қорытынды жасап, жалпылай алады; 3. Терминологияны меңгерген; 4. Логикалық ойлау жүйесіне ие. 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді.
4	B	3,0	80-84		1. Негізгі материалды біледі; 2. Дәлелді мысалдар келтіреді; 3. Жалпылау мен қорытынды жасайды; 4. Терминология мен баяндау логикасында дәлсіздіктерге жол береді; 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді.
5	B-	2,67	75-79		1. Негізгі материалды біледі, бірақ жауабы жүйесіз және логикасыз; 2. Терминдерді қолдануда дәлсіздіктерге жол береді; 3. Қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібереді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 6-сі

6	C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық	1. Тек теориялық білім негіздері бар; 2. Қорытынды жасауды және жалпылауды білмейді; 3. Терминологияны қолдана алмайды; 4. Қосымша және нақтылау сұрақтарына жауап береді.
7	C	2,0	65-69		1. Негізгі материалды толық меңгермеген; 2. Логикалық ойлау жүйесіне ие емес; 3. Жауабы қысқа; 4. Қосымша сұрақтарға толық жауап бермейді.
8	C-	1,67	60-64		1. Негізгі материалды толық меңгермеген; 2. Дәлсіздіктер жібереді, қорытынды мен жалпылау жасай алмайды; 3. Логикалық ойлау жүйесіне ие емес; 4. Қосымша сұрақтарға жауап берудегі қателіктері бар.
9	D+	1,33	55-59		1. Материалдың едәуір бөлігін білмейді; 2. Материалды нашар меңгерген; 3. Сұраққа жауап беру логикасын білмейді; 4. Қосымша сұрақтарға жауап беруде қиналады.
10	D	1,0	50-54		1. Теория негіздерін білу және түсінуде елеулі дәлсіздіктер жібереді, түсінігінің үстірттігі материалды толық ұғынуға кедергі келтіреді, бірақ оқытушының жетелеуші сұрақтарының көмегімен дұрыс қорытынды жасай алады.
11	FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз	1. Білімі жүйесіз, материалдың мәнін түсінбей баяндайды; 2. Комиссия мүшелерінің қосымша сұрақтарына жауап бере алмайды.
12	F	0,0	0-24		1. Білім алушы өзінің теориялық және практикалық білімі мен дағдыларын нөлдік деңгейде көрсетті және қателіктерін түзете алмайтындығын байқатты.

#### 4. КЕШЕНДІ ЕМТИХАНҒА ҰСЫНЫЛҒАН ПӘНДЕР ТІЗІМІ

1. Туризм негіздері
2. Туризм менеджменті
3. Экскурсиятану

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 7-сі

## 5. КЕШЕНДІ ЕМТИХАН ӨТКІЗІЛЕТІН ПӘНДЕРДІҢ МАЗМҰНЫ

### 5.1 ТУРИЗМ НЕГІЗДЕРІ

«Туризм негіздері» пәнінің мақсаты – рекреациялық және туристік индустрияның негізгі ұғымдарын, сондай-ақ олардың жұмысын әртүрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда ұйымдастыру принциптерін зерттеу.

«Туризм негіздері» пәні бойынша оқыту нәтижелері:

– туризмнің қазіргі теориясын кеңістіктік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде сипаттау.

– қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны, тұрақты туризмнің тұжырымдамасы мен принциптерін қарастыру.

– туризм саласындағы теориялық және әдістемелік білімді практикада қолдану.

#### 5.1.1 Рекреациялық географияның негізін қалаушы ұғымдар

Бос уақыт, оның функциясымен адам өміріндегі орны. Бос уақыттағы уақыт аралығын анықтау. Бос және рекреациялық уақыт: ұғым, арақатынас, құрылым және қызметтер. Рекреациялық іс-әрекет туралы түсінік, оның территориялық бөлінуі – күнделікті, апталық, жылдық рекреация. Демалыс адам қызметінің бөлігі ретінде. Рекреация анықтамасы адамның тұрақты жерінен тыс жердегі қызметі ретінде. Туризм рекреацияның бөлігі ретінде. Демалыс – рекреация – туризм – экскурсия ұғымдарының ара қатынасы. Ғылыми-техникалық ревалюция, оның оң және теріс көріністері. Адамның физикалық және психикалық күшін қалпына келтіру.

#### 5.1.2 Рекреациялық қажеттіліктер рекреациялық іс-әрекетінің кеңістіктік-уақыттық ұйымдастырылуының негізі ретінде

Рекреациялық қажеттіліктер түсінігі. Рекреациялық қажеттіліктер рекреациялық іс-әрекетінің ұйымдастырылуының негізі. Қоғамдық, топтық және жеке рекреациялық қажеттіліктердің өзара әрекеті. Рекреациялық қажеттіліктерді зерттеудің бағыттары мен әдістері. Рекреациялық қажеттіліктерді зерттеудің әлеуметтану әдістері. Рекреанттар топтарының табиғи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстарға, рекреациялық аудандардың типтеріне, рекреациялық әрекеттер циклдеріне, демалыс орындарының архитектуралық-жобалық құрылымының ерекшеліктерін, демалысты өткізудің активтік деңгейіне, әлеуметтік контактілердің тығыздығына қарай таңдамалары туралы түсініктер.

#### 5.1.3 Рекреациялық қызмет әлеуметтік-экономикалық өмір салты элементі ретінде

Рекреациялық іс-әрекет - әлеуметтік-экономикалық құбылыс және халықтың өмір сүруінің элементі ретінде. Мәні, құрылымы, классификациясы. Рекреациялық іс-әрекет психозмоциялық құбылыс ретінде. Рекреациялық іс-әрекет – территориялық рекреациялық жүйелердегі (ТРЖ) жүйе құрушы фактор негізі ретінде. Еңбек тәртібі мен демалыс тәртібінің арақатынасы. Рекреациялық іс-әрекеттегі қоғамдық функциялардың негізгі топтарының сипаттамасы. Рекреациялық іс-әрекеттердің технологиялық функциялары. Рекреациялық іс-әрекеттердің жүйелері мен циклдері. Тәуліктік, демалыс және өмірлік циклдерінің құрылысы. Рекреациялық қызмет көрсету материалды емес өндіріс сферасының саласы ретінде. Рекреациялық жүйе және территориялық рекреациялық жүйелер түсініктерінің арақатынасы: сала және мекеме. Рекреациялық сала мен туризм индустриясы. Рекреациялық саланың арнайы

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 8-сі

ерекшеліктері.

#### 5.1.4 Рекреациялық география - қоғамдық географиялық ғылымның жаңа саласы

Рекреациялық мәселелерді зерттеулердің «географиялығы». Рекреациялық зерттеудің пәнаралық сипаты. Рекреациялық география - қоғамдық-географиялық ғылым ретінде. Объектінің анықтамасы және зерттеудің пәні және территориялық рекреациялық жүйе туралы түсініктер (В.С. Преображенский, Л.И. Мухина, Ю.А. Веденин, И.В. Зорин). Рекреациялық жүйенің антропоцентрикалық мәні. Рекреациялық географияның адам, қоғам және оның іс-әрекеті туралы білім жүйесінде алатын орны; қоғамдық, жаратылыстық, техникалық ғылым жүйелерінде алатын орны. Рекреациялық-географиялық зерттеулердің қажеттілігі. Рекреациялық географияда қолданылатын негізгі түсініктер. Рекреациялық іс-әрекеттердегі статистикалық есеп беру тәсілдері. Рекреациялық географияның міндеттері. Рекреациялық география және тәжірибе. ТРЖ, оны құрайтын жүйелер байланысы рекреациялық іс-әрекеттердің жүйелік талдауы және оған қызмет көрсету пәні ретінде. В.М. Кривошееванын және И.И.Зоринның матрицасы. ТРЖ шағын жүйелерінің нақты өзара байланыстарын талдау.

#### 5.1.5 Рекреациялық география және туризм географиясы – қоғамдық (әлеуметтік-экономикалық) географияның салалық пәндері.

Демалыс географиясы туралы түсінік. Рекреациялық және туризм географиясын зерттеудегі объекті мен пәндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар. Рекреациялық география мен туризм географиясы - ұғымдарының ара қатынасы. Туризм географиясында қолданылатын негізгі түсініктер мен атау сөздер. «Туризм» және «турист» термин сөздерінің шығу тегі. Туризм және туристер туралы қазіргі көзқарастар. Туризмнің жұмыстық және концептуалдық дефинициялары. Саяхаттаушы тұлғалар және уақытша келушілер. Демалыс және туризм дамуының алғышарттары мен ресурстары және рекреациялық потенциалы туралы түсінігі. Туристік-рекреациялық ресурстардың «аттрактивтілігі». «Рекреацияның шаруашылық потенциалы», туристік территориялардың таксономиялары туралы түсінігі. Туристік инфрақұрылым және туристік шаруашылық.

#### 5.1.6 Қазіргі туризмнің жіктелуі

Қазіргі туризмнің жіктелуі, оның күрделілігі жалпыға бірдей көзқарастардың жоқтығы. Бұл жіктеулердің маңызы. Саяхат мақсатынан шығып отырған туризм жіктелуі туралы сұрақтың талқылануы. Рекреациялық, іскерлік, діни, этикалық туризм. Жалпылық, элитарлық, коммерциялық, әлеуметтік, ұйымдасқан, өзіндік, белсенді және белсенді емес, көліктік және экологиялық туризм.

#### 5.1.7 Территорияны рекреациялық бағалау

Демалыс пен туризм дамуының табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, туристік-рекреациялық ресурстарға көшу. Табиғи, әлеуметтік-экономикалық, туристік-рекреациялық ресурстар, олардың туризм дамуындағы ролі мен маңызы. Туристік-рекреациялық ресурстардың маңызды сипаттамалары. Демалыс және туризм мақсаттары үшін туристік-рекреациялық ресурстарды бағалау және жарамдылығын анықтау – туризм географиясының басты міндеттерінің бірі. Бағалау шкалалары. Табиғи рекреациялық ресурстарды бағалаудың үш негізгі түрлері: медико-биологиялық, психологиялық-эстетикалық,

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 9-сі

технологиялық. Рекреациялық ресурстардың сапалық және балдық бағалау формалары. Бағалаудың әдістемелік көрсеткіштерін өңдеу бойынша Л.И. Мухинаның жұмыстары. Ю.А. Веденин, Н.И. Мирошниченко, Е.А. Котляров, Я. Варшинскийлардың ойлары. «Тартымдылық коэффициенті (жарамдылық)». Территорияның «жиынтық туристік-рекреациялық потенциалына» баға берудегі көзқарастар.

#### 5.1.8 Туристік территорияны аудандастыру

Тиімді ғылыми-нақтыланған туристік территорияларды аудандастырудан халық шаруашылығының саласы ретінде туризмнің территориялық ұйымдастырылуы мен әсерлі дамуының тәуелділігі. Туристік аудандастыру мақсатында бұрынғы КСРО және Ресей үшін территорияны зерттеу дамуының тарихы. Н.С. Мироненко, И.Т.Твердохлебов, Б.Н. Лиханов, В.С. Преображенский, Е.А. Котляров еңбектері. Демалыс пен туризм үшін Қазақстан территориясын аудандастыру талпыныстары. Түсініктер ара қатынасы: «рекреациялық аудан», «туристік аудан», осы түсініктердің қысқаша эволюция тарихы. Туристік аудандарға тән ерекшеліктер мен олардың құрылу механизмі. Салалық (интегралдық) әлеуметтік-экономикалық аудан ретінде туристік аудан туралы түсінік. Туристік аудандастырудың әдістері. Туристік аудандар таксономиясы.

#### 5.1.9 Туризм анықтамасының мәні

Туризм күрделі кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық құбылыс пен күрделі қоғамдық шаруашылық жүйесі ретінде. Отандық және шетел ғалымдарының туризм анықтамасына концептуалды және мәндік әр түрлі көзқарастары. Дүниежүзілік Туристік Ұйыммен (ДТҰ) қабылданған қазіргі туризмнің концептуалды моделі («туризм индустриясы»), оның шағын жүйелері (элементтері) және олардың бір-бірімен, сыртқы ортамен байланыстары. Туристік жүйенің жұмыс механизмін түсіндіру. Туризм индустриясы туралы түсінік. Туристік кәсіпорындар туристік қызметтерді өндіретін туризм индустрия құрамының бір бөлігі ретінде. Туроператорлар мен турагенттер, туристік кәсіпорындар мен олардың қызметінің сипаттамасы. Өндірудің материалдық және материалдық емес сферасындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы ретінде туризм индустриясының түсінгімен, олардың туристерге арналған тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу, алмастыру және тұтынуды қамтамасыз етуі. Сондай-ақ туристік-рекреациялық ресурстарды пайдалану мен игеру және туризмнің материалдық-техникалық базаларын құруды қамтамасыз етеді.

#### 5.1.10 Туристік нарықты функциялау

Туристік сұраныс, материалды-тұрмыстық және мәдени-танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыра алатын, әр-түрлі қызметтер және тұтыну заттары кешеніне тұтынушы сұранысының жаңа формасы ретінде. Туристік өнім туралы түсінік. Туристік сұранысқа тән ерекшеліктер. Туристік сұраныс әсерінен қалыптасатын факторлар. Туристік ұсыныс туристік құндылықтардың және көрсетілетін туристік қызметтердің жиынтығы ретінде. Туристік ұсыныстар тәуелді болатын элементтер. Туристік аттрактивтілік қалыптасқан ұсыныс ретінде. Туристік нарық, оның ерекшеліктері. Туризмдегі алу-сату үдерісі.

#### 5.1.11 Туристік шаруашылық

Туристік шаруашылық туристік ұсыныстың негізгі элементінің бірі ретінде және туристердің келуі мен кетуінде ынталандыруынан құралатын және дамитын әр түрлі

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 10-сі

секторлардың кешені ретінде. Тура және жанама туристік шаруашылық. Түнеу базасы, оның туризм дамуындағы маңызы және сипаттамасы. Тамақтану базасы, оның құрылымымен сипаты (гастрономиялық, сауда және қамтамасыз ету мекемелері). Коммуникациялық база, оның құрылымы (көліктік-коммуникациялық желісі, көлік құралдары, көлік қозғалысын ұйымдастыратын қызмет бөлімі, көлік және байланыстың техникалық базасы), сипаты. Қосымша база – туристік шаруашылықтың басты элементі ретінде, оның құрылымы мен сипаты. Туризмдегі материалдық-техникалық базаның даму мәселелері мен болашағы.

#### 5.1.12 Туризм экономика саласы ретінде

Экономиканың саласы ретіндегі туризмнің ерекшеліктері: бір уақытта өнімнің өндірілуі мен сатылуы, туристік өнімнің бір жерде өндіріліп, пайдалануы, өндірілетін объектіге тұтынушыны қызмет көрсетілгенге дейін көлікпен тасымалдау, туристік өнімнің «өзін өзі шығаруы», тұтынылатын туристік агрегирдік ресурстардың өзіндік түрі. Туристік қызмет көрсетудің мәні мен мазмұны, ол күрделі кешенді, ұзақ мерзімді және уақыты мен орны әр түрлі өндірістің үрдісі, әр түрлі қызмет түрлері мен тауарлардың ұсынысы және сатылуы. Туризмдегі қызмет көрсету – бәсекелестік күрестегі ең күшті қару. Туристік қызмет көрсету сапасының критерийлері мен көрсеткіштері. Туристік қызмет көрсету сапасын балдық әдіспен бағалау.

#### 5.1.13 Туризм менеджменті туралы түсінік

Туризмдегі менеджмент міндеттері. Туризмдегі менеджмент ерекшелігі: тереңге тарауы және элементтерінің өзара байланысының күрделілігі, түсініксіз және қиын өлшенетін мақсаттар, аймаққа шектелуі түрдегі әсері, клиенттер жағынан күшті әсер, қалыптасу көзінен ажырамайтындығынан тұратын туристік өнімнің ерекшелігі, туристік өнімнің сыртқы әсері, туристік сұраныстың ерекшелігі (сезіну мен сақталуға мүмкін еместігі, туристік қызметті тұтынушылардың әртүрлілігі, елдегі қоғамдық факторлардың жоғарғы маңыздылығы), туристік қызметтің кешенділігі, туризмнің маусымдылығы. Кез келген туристік мекемені басқарудағы төрт осыған негізделген ерекшеліктер. Туристік фирмалардың мақсаты мен стратегиясы. Мақсаттың үш түрі: экономикалық, фирмалық, әлеуметтік. Құрылым туристік ұйымның маңызды элементі ретінде, ұйымдастыру құрылымдарының түрі. Инновациялық құрылым туралы түсінік.

#### 5.1.14 Туризм маркетингі туралы түсінік

Х. Криппендорф және туризм маркетингі. Туризм маркетингі бұл туристік мекеменің іс-әрекетінің жүйелі түрде өзгеруі және координациясы, сонымен қатар туризм облысындағы жеке және мемлекеттік саясат. Туристік өнімнің ерекшеліктері мен анықталатын туристік маркетингтің ерекшелігі, туристік қызметті тұтынушы және оны өндірушінің арнайы ерекшеліктері. Туристік сұраныстың икемділігінің конъюктураға, табысқа, білім деңгейіне, бағаға, жарнамаға және тағы басқа факторларға тәуелділігі. Туристік маркетинг-бағдарламалары. Туристік маркетингтің стратегиялық мәні.

#### 5.1.15 Халықаралық туризм сыртқы экономикалық қатынастардың түрі ретінде

Халықаралық туризмнің арнайы ерекшеліктері, ішкі туризмнен айырмашылығы. Шетелдік туризмнің елдердің экономикалық дамуына әсері. Халықаралық туризмнің негізгі факторлары мен шарттары. Халықаралық туризмнің статистикасы. Халықаралық туризм

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 11-сі

дамуының қазіргі тенденциялары және әлемдік туристік ағымдардың географиясы. Халықаралық туристік ұйымдар және туризм дамуындағы олардың ролі.

## 5.2. ТУРИЗМ МЕНЕЖДМЕНТІ

«Туризм менеджменті» пәнінің мақсаты – туризм кәсіпорнын басқаруда, оның қызметінің тиімділігін арттыру үшін студенттерде теориялық білім мен практикалық дағдылар жүйесін қалыптастыру.

«Туризм менеджменті» пәні бойынша оқыту нәтижелері:

– менеджмент функцияларының мәні мен өзара байланысы, ұйымдық құрылымдар, туристік индустриядағы басқарудың принциптері, әдістері, жүйесінің дамуы мен ерекшеліктерін қарастыру.

– туризм және қонақжайлылық ұйымдарының қызметін жоспарлау, туристік нарықтағы тұтынушылық мотивацияны басқару мәселелері, ұйымдардың бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізу тәсілдері және туризм индустриясы кәсіпорындарының экономикалық қауіпсіз қызметінің стратегиясын түсіндіру.

– туристік индустриядағы ұйымдастырушылық құрылымдар және басқару әдістері қарастыру.

– басқару шешімдерінің жіктелік түрлерін, шешімді қабылдау тәсілдерін, басқару шешімдерінің ерекшеліктерін анықтау.

### 5.2.1 Менеджмент жүйесінің дамуы және оның туристік индустриядағы ерекшеліктері

Менеджмент түсінігі. «Менеджмент» ұғымын анықтаудың негізгі тәсілдері. Менеджмент қызмет түрі (функциясы) ретінде. Менеджмент ғылым ретінде. Менеджмент академиялық пән ретінде. Менеджменттің мәні мен ролін анықтау тәсілдері. «Туристік индустрия» түсінігі. Менеджмент жүйесі мен ғылыми басқару мектебінің эволюциясы. Басқару мектептері.

### 5.2.2 Менеджменттің заманауи тәсілдері

«Жүйе» терминінің анықтамалары. Менеджменттегі жүйелік тәсіл. Процестік тәсіл. Басқарудағы ситуациялық тәсіл. Ұйымның ашық жүйе ретіндегі моделі. Жүйелік және ситуациялық тәсілдердің ерекшеліктері.

### 5.2.3 Басқарушылық шешімдерді әзірлеу

Басқару шешімдерінің түрлері. Басқару шешімдерін әзірлеу процесінің технологиясы. Туристік индустрияда қызметті бақылау және үйлестіру. Интуитивті шешімдер. Пайымдауға негізделген шешімдер. Ұтымды шешімдер. Туристік индустрияда басқару шешімдерінің жіктелу белгілері. Басқарушылық шешімдерді әзірлеу процесі кезеңдері. Басқарушылық шешімдер қабылдаудың тұжырымдамалық моделінің негізіндегі тұжырымдар. Шетелдік ұйымдарда басқару шешімдерін қабылдауда қолданылатын тәсілдер мен модельдер. Шешім қабылдау кезіндегі ерекше жағдайлар. Басқарушылық шешімдер қабылдаудағы қателіктер. Үйлестіру қызметі. Ұйымның субъектілері мен басқару объектілерінің бірлескен қызметін іске асырудың, үйлестірудің және реттеудің негізгі принциптері:

### 5.2.4 Туристік индустриядағы басқару әдістері мен стильдері

Басқару әдістері. Басқарудың экономикалық әдістері. Материалдық мотивация түрлері. Басқарудың ұйымдастырушылық және әкімшілік әдістері. Басқарудың әлеуметтік-

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 12-сі

психологиялық әдістері. Топтық жұмыс әдістері. Ұйымның қаржылық жағдайы; Тұтынушылар ұйымдар және өткізу нарықтары; Ішкі бизнес-процестер; Ұйымның және оның қызметкерлерінің дамуы. Туризм индустриясы ұйымдарындағы кірістерді басқарудың Жеке мүмкін тәсілдері. Басқару стильдері. Көшбасшылық стильдер. Авторитарлық стиль. Демократиялық стиль.

### 5.2.5 Туристік индустриядағы билік, ықпал, көшбасшылық

Туристік индустриядағы билік пен ықпал ету нысандары. Көшбасшылық теориясын қолданудың жалпы мәселелері. Биліктің жеке негізі. Анықтамалық билік. Басшының сараптамалық күші. Заңды билік. Ақпараттың күші. Билікке деген қажеттілік. Биліктің ұйымдастырушылық негізі. Өріптестік ықпал ету нысандары. Серіктестік ықпалдың негізгі тәсілі. Көшбасшы. Көшбасшылық қабілеттері. Көшбасшылықтың тиімділігін анықтайтын белгілер, дағдылар. Көшбасшылық қасиеттер жиынтығы. Мінез-құлық тәсілі. Туризм индустриясындағы көшбасшылық мәселелері.

### 5.2.6 Туристік индустриядағы менеджмент функциялары

Басқару функцияларының мәні. Туризм саласындағы жоспарлау қызметтері. Туризм саласындағы қызметті ұйымдастыру. Туристік индустрияны ұйымдастыру деңгейі. Болжам. Болжау. И.Г. Мельникова ұсынған Болжам түрлерінің классификациясы. Болжамды әзірлеу кезеңдері. Туристік индустрия ұйымдарының қызметін жоспарлаудың өзіндік ерекшеліктері. Туризм индустриясын ұйымдастыруды жоспарлаудың негізгі міндеттері. Жоспарлау әдістері. Жоспар жүйесінің негізгі мақсаты. Ұйымдастыру. Басқарудың ұйымдық құрылымы. Халықаралық деңгейде туристік индустрияны басқаруды ұйымдастырудың үш моделі.

### 5.2.7 Туристік кәсіпорын қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері

Туристік кәсіпорын шаруашылық жүргізуші субъект ретінде. Туристік кәсіпорынның микро және макроортасының сипаттамасы. Туристік кәсіпорынның миссиясы мен мақсаттарын анықтау. Туристік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын таңдауды анықтайтын факторлар Құрылтай құжаттарын әзірлеу, кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу және ұйымдастырушылық рәсімдеу. Туристік кәсіпорынның кеңсесіне және қызметкерлеріне қойылатын талаптар. Туристік кәсіпорынның қызметін тоқтату.

### 5.2.8 Турды қалыптастыру, жылжыту және іске асыру

Турды жобалау және оның мәні, маңыздылығы. Турды қалыптастыру процесі. Жылжыту іс-шараларын жоспарлау ерекшеліктері. Турды жүзеге асыруды ұйымдастыру. Туроперейтингті бақылау және бағалау.

### 5.2.9 Туризмдегі келісім-шарттық қатынастар

Туристік ұйым мен тасымалдаушы арасындағы қатынастар. Әр түрлі туристік ұйымдар арасындағы қатынастар Туроператор мен қонақ үйлер арасындағы қатынастар (басқа орналастыру құралдары). Туроператорлар мен сақтандыру компаниялары арасындағы қатынастар. Туроператор мен оның серіктестері - қызметтердің жекелеген түрлерінің тікелей орындаушылары арасындағы өзге де қатынастар. Туристік ұйым мен турист арасындағы қарым-қатынас. Құқықтық актілер. Туризм саласындағы шарттар жүйесі. Туристік қызмет

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 IUTA INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Қорытынды аттестаттау бойынша кешенді емтихан бағдарламасы		Ф-02-01/05
Бекітілген 30.10.2025 ж.	Басылым № 1	22 беттің 13-сі

субъектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шарттар (сақтандыру шарты, ақылы күзет қызметтерін көрсету шарты).

#### **5.2.10 Туристік индустрия кәсіпорындарының стратегиясы және тактикасы, өндірістік бағдарлама**

Туристік индустрия кәсіпорындарындағы стратегиялық басқарудың мәні мен жалпы схемасы. Туристік индустриядағы қызметті стратегиялық талдау. Туристік индустрия кәсіпорындары пайдаланатын стратегиялар. Ұйымның өндірістік бағдарламасы. Өндірістік бағдарламаны жоспарлау. Туристік индустрия ұйымдарындағы стратегиялық талдаудың анықтамасы, объектісі, субъектісі, нысанасы, мақсаттары мен міндеттері. Франчайзинг стратегиялары.

#### **5.2.11 Туристік индустрия ұйымдарында персоналды басқару**

